

Ағыбай батыр

(Халық нұсқасы)

Атакты ер Ағыбай шұбыртпалы,

Белгілі сарбаздарын шұбыртканы.

Ағыбай, Кошкарбай мен ер Бұкарбай –

Бұларды сонына ерткен Кене ханы.

Мал үшін бұлар ерлік құрған емес,

Салғаны жанды ортаға елдің камы.

Солардын біреуінен сөз бастаймын,

Өлеумет күлак салса бұған тағы.

Жау шабу мiрас қалған Абылайдан,

Бұл әдет Кенесары, Наурызбайдан.

Кененiн жауга шапқан бас батыры

Бастайын аз әнгiме Ағыбайдан.

Батыры Кенекенiн оншен санлақ,

Өр елден жүйрiк атты алған тандап.

Арканын алпыс тарау бойын орлеп,

Жаксы атпен жiгiттерi жүрдi алшандап.

Душпанга анталаған ұстатпады,

Кенекен талай шапты, бір талмады.

Өруакты Кенесары, Наурызбайға

Жортқанда, қарсы келіп жан батпады.

Агыбай аға батыр, үлкен жасы,

Жон айтар Кенекенін замандасы.

«Қай жерде жақсы ат болса, жи, – деп еді, –

Барады бастан асып жау айласы».

Жігітін жаман атқа мінгізбеген,

Кенекен алты алаштан ат іздеген.

Аттанып бір жорыққа Ағыбайы,

Ат іздеп жасак үшін, күн-түн кезген.

«Сүйык жал, камыс мойын, күміс күйрык,

Кен танау, омыраулы, тіп-тік иык.

Бір ел бар жеп естіді күншыгыста,

Жылқысы аса сұлу, мінсіз жүйрік».

Бір адам Ағыбайға мактайды кеп:

–Жоргасы судай желіп, шаппайды, – деп,

Біреу емес, мактады біркатар жан:

«Биесі жабы тұкым таппайды» деп.

Ағыбай ынғайланды: «Барайын, деп,

Сол елді болса да алыс, табайын деп.

Аттанып, сәурік пенен байтал әкеп,

Жүйріктен осім-тұкым алайын», – деп.

Ағыбай бұл сапарға ынғайланды,

Касына жеті жігіт жолдас алды.

«Жүйріктен осім тұкым алайын» деп,

Бет койып куншыгыска кете барды.

Сол кезде ер ортасы келген жаска,

Жан-жакка сапар жүрген бұдан баска.

Аз жүрдү, көп жүрдү мө, белгісі жок,

Келіпті Кызылқайнар, Тектүрмаска.

Тектүрмас самал салкын бұлагы бар,

Атарлык аркар, бокен, күланы бар.

Жолаушы, жолшы керуен конатүгын

Түбінде Қызылқайнар бұлағы бар.

Жігіттер, тындасаныз, мінеки, кеп,

Келетін бұл бұлаққа жолшы да көп.

Келіп-кетер адамы көп болған сон,.

Койыпты «Қызылқайнар, Тектүрмас» деп.

Келеді ер Ағыбай орға салып,

Корықсын адамзаттан бұлар не қып.

Үмтыла түн ішінде жүрді бұлар,

«Қарауылды аламыз, – деп, – ерте барып».

Астында бусандырып мінген атын,

Тастамай батырлықтын салтанатын.

Ат кантарып, суытып жата кетті,

Келіп Кызылқайнарға танга жакын.

Оянды тан аткан соң, козін ашып,

Жатсын ба жамандарша үйкы басып.

Басына карауылдын Танбай шыкты,

Озгесі ыстык кылды, бакыр асып.

Жолдастар ыстык кылды, асып бакыр,



Отырды от басында озге батыр.

Ер Танбай карауылга карап турса,

Елсізден бір атты адам келе жатыр.

Аттыны келе жаткан Танбай корді,

Таныркап: «Не кылган жан мынау?» – деді.

«Елсізден бір атты адам келеді», – деп,

Ойдагы Агыбайга хабар берді.

Батыр айтты: «Келе ме бері таман,

Кетті ме жын корініп әлде саган?!

Елсізде жапа-жалғыз келе жатқан,

Япырай, онын озі неткен адам?!

Осы жер ел жоқ, күн жоқ жапан дала,

Тектүрмас сан біздейге болған пана.

Бет бүрмей, осы арага келе ме екен?

Шық тағы карауылга, кайыра кара.

Ер Танбай карауылга кайта барды,

Жалғызга келе жатқан козін салды.

Келді де Ағыбайга хабар айтты:

– Осы жерге түп-тура келіп қалды.

Келді, – деп, - осы жерге, – хабар айтты,

Бұларды «Не еткен жан?» деп танырқатты.

Колында ыргай шокпар, сойылы бар

Кезеннен шыға келді ақ сүр атты.

Айтқанша, ақ сүр атпен шыға келді,

Орімдей жап-жас жігіт бұлар қорді.

Жінішке, ұзын бойлы, тіп-тік, сида,

Отырған батырларға сәлем берді.

Иліп сәлем берді буларга кеп,

Тулгасын Агыбай да унатты бек.

Касына келіп, таныгандай амандасты:

– Есенсіз бе, ер Агыбай, агаеке? – деп.

Сойлесе сойлер созге сондай епті,

Айткан жок мунан баска бір соз тіпті.

Түсіп, атын басына іле тастап,

Женін жастык кылды да, жата кетті.

Етегін тосек кылып, калды ұйықтап,

Именіп, бұлар қорқып, қалды тоқтап.

Қорқады бір кісіден сегіз батыр,

Ерлігін елден арнап шыққан баптап.

Ағыбай ойлап отыр әрбір ойды,

Жінішке бала жігіт, сида бойлы.

Оздері асқан етін жеді дағы,

Тағы да оған дәмді істеп қойды.

Үйқысы түрегелді әбден қанып,

Бұлақтан дәрет алды түзге барып.

Бір ауыз жон сұраган жауабы жок,

Алдына аскан дәмін берді салып.

Отырып дәмін ішті асып-саспай,

Бұрылып баска жакка кадам баспай.

Бұларга карамады мойын бұрып,

Батырлар бір соз айтпай калды отырып.

Бір ауыз, тым болмаса, кош деместен,

Өлгі келген жагына кетті жүріп.

Агыбай айтты: «Мынау не кылган жан

Мен мұнын мінезіне қаламын тан.

Мынанын жайын білмей, үйге барсам,

Олімнен артық маған үлкен арман».

Атына бұ да мінді: «Барайын, деп,

Мұндайдын қоріп едім талайын, деп.

Мынанын жайын білмей бос қалғанша,

Қасына еріп оліп қалайын», – деп.

Атына мінді Ағыбай қайрат етіп,

Қарамай өлгі жігіт қалды кетіп.

Аяндап кетіп бара жатыр екен,

Артынан қуа шауып келді жетіп.

Бұларға жалғыз жігіт болады кез,

Жан емес жолдас болған сыр мінездес.

«Жарайды, Ағыбай аға, кош келіпсіз», –

Деді де, жүріп кетті, айтпай бір соз.

Келеді екі батыр, жан батпайды,

Карысып, бірін-бірі внатпайды.

Елсізде жолдас болған екі батыр

Екеуі бір-біріне тіл катпайды.



Астында кинайды мінген атын,

Тастамас батырлыктын салтанатын.

Алдынан екеуінін жусап түрган.

Бір квлан тура кашты кешке жакын.

Квланды екі батыр куып кетті,

Атына камшы басып екпіндетті.

Агыбай тозанына ере алмады, .

Үзатпай жас батырын барып жетті.

Квланга кұрык салды агындатып,

Секіргенде, қайыра қалды тартып.

Ауыз омыртқа үзіліп салмагымен,

Жығылып кара жерде қалды жатып.

Бала айтты: «Ағыбайым, тез түсе қал,

Арам оліп кетпесін, бауыздай сал.

Айнала қабырғадан іре дагы,

Озге етін керек қылмай, қазысын ал.

Қазысын алды дагы, жүре берді,

Кеш батып, бір бұлалқа бұлалар келді.

Атынан түсті дагы әлгі бала,

Даладан етегімен тезек терді.

Агыбай о да карап түрсын не кып?

Кам кылды, дәм істерлік түрін танып.

Реттеп бағанагы тамактарын,

О дагы бакыр асты, шакпак шагып.

Ыстыгын істеп ішті күн батқанша,

Ат суып, демін алды ел жатқанша.

Аттарын мықтап түсап қоя беріп,

Екеуі қалады ұйықтап тан атқанша.

Тан атып, тағы жүрді екі батыр,

Еш нәрсе ойламады болып қапыл.

Камысы шытырмандай жонсіз калын

Жағалап бір озенді келе жатыр.

Барар жер мағлұм емес, бұларға алыс,

Толқиды сумен бірге калын камыс.

Жағалап сол озенді келе жатса,

Ақырып түрегелді бір жолбарыс.

Ағыбай сескенеді, шошып калып,

Айнымай әлгі бала тұра калып.

Ышкынып, қарсы келіп шапшығанда,

Шокпармен сынар колдап калды салып.

Шокпармен жолбарысты бір-ак какты,

Бір ұрғанда-ак олген иттей домалатты.

Екі қоз екпінімен шығып кетіп,

Жығылып шекесімен жерді қапты.

Сескенді ер Ағыбай мұны қоріп,

Бұл атынан түскенше, қалған оліп.

– Айнала қабырғадан іре дағы,

Ал, – деді, – бауыр жүйннн екі боліп.

Ағыбай айтқанынын қылды бәрін,

Білмейді онан басқа не қыларын.

Баланын қайратына жан пар келмес,

Батырдын, қорқып, қоніл болды жарым.

Үкімі бұл баланын сондай қатты,

Жолдас боп он шақты күн дәмін татты.

Екеуі кешке шейін жүрді дағы,

Кеш батып, бір булакка тагы жатты.

Агыбай внатпайды бала түрін,

Шыбыктай бала жігіт козге корім.

Бул күні күндегідей коп жаткан жок,

Ертерек жүріп кетті таннан бүрын.

Өнгіме, буларда жок ойын-күлкі,

Бул түнде үйыктаган жок тиышты үйкы.

Жагалап бір озенді келе жатса,

Кездесті карсы алдынан калын жылкы.

Жолдасы касындагы жері де жат,

Жас бала жаннан аскан асыл болат.

Жалкынын бір ретті ортасында

Жайылган жүзден артык шабдар каска ат.

Бала айтады: «Немене корген күнім?

Болмаган сабаз едім ешбір мінім.

Жануар, оншен бірдей шалкаскалар,

Менікі болатүгын бар ма күнін?».

Агыбай келе жатыр. Не біледі,



Атына камшы басып тебінеді.

Акты боз елен-алан болған шакта

Алдынан бір калын ел көрінеді.

Ағыбай: «Түстім, – дейді, – қандай жолға?

Тәнірім-ай, сапарымды өзін онда?!».

Арасы екеуінің бір шақырымдай,

Көрінді елден окшау екі орда.

Ертерек елді корді батыр,

Уайым ойламайды болып қапыл.

Күрсініп ак сүр атқа камшы басып,

Бет койып томенгі үйге келе жатыр.

Ағыбай келе жатыр қасын жанап,

Ергені бала жігіт жана талап.

Ішінен ак орданын шықты дагы,

Бір әйел тура жүрді қарсы қарап.

Алдынан әйел келді жылап-еніреп:

– Бейшара-ау, жалғыздыктан тарттын бейнет.

«Козіме енді қорінсе, олтірем» деп,

Кайрайды катты тісін әлгі жеңдет.

Бейшара, мұнда келіп, не көресін?

Жеткені ажалынның, енді олесін!

Жалғызым, акіретте табысалық,

Жалғаннан сапар шегіп жонелесін!

Бұл катын бүй деп зарлап қалды тұрып,

Бала оған карамайды мойнын бұрып.

Катынның айтқан сөзін есіне алмай,

Жоғарғы ақ ордаға кетті жүріп.

Атынан түсе қалды анадай кеп,

Кернеп түр байкаганга ашуы кеп.

Батырға осы арада бір сөз айтты:

– Бар болса, бер, Ағыбай, канжарын, – деп.

Осы жерде тілектес боп сіз тұрыңыз,

Кешікпей, аман болсам, шығармын тез.

Егерде үйден шықпай оліп кетсем,

Бас сактар ақ сүр атпен кам қылыңыз.

Соны айтып әлгі бала қалды кетіп,

Ойлайды: «Қалады екен, – деп, – әлде не етіп?»

Үйге бала кіргенде, қатты қорқып,

Тер акты Ағыбайдан дір-дір етіп.

Сойтті де, ол да ойлайды болып қашпак,

Шошыған сон жүректі қайтіп баспак.

Сыйынып тәуекелге түрды дағы,

«Баланы кетемін, – деп, – қайтіп тастап!»

Түрганы жанды қиып осы жолға,

«Ең әрісі олермін, – деп, – түссем қолға».

Бала үйге кірген сон, қол кешікпей,

Шықырлап бір айналды әлгі ак орда.

Агыбай әр сапарда болған жолы,

Тұрганы сабырлық кып – кайрат молы.

Аздан сон үйден бала шыға келді,

Кан болып канжары мен екі колы.

Бала айтты: «Отырмысын, Агыбайым?»

Менін көп айтылмаған сізге жайым.

Жанға қас дұшпанымнан күткарды Алла,

Отырмай, атына мін, «Ақжолтайым».

Атка мініп томенгі үйге келді,

Алдынан катын шығып зар еңіреді.

Бейшара зар еңіреп жылап тұрып:

– Залымның халі қалай? – дейді.

– Сүм залым жұртты жеңген баяғыда,

Шірткен жан біткенді таяғына.

Ақжолтай Ағыбаймен жолдас болып,

Түсірдім ішек-қарнын аяғына.

Бұл бала мұны айтады гүл-гүл жайнап,

Жүрт жылап, куанып жүр «я, Күдайлап».

– Тосек сал жолы күтты батырма,

Астын жумсак, жастыгын жаксы жайлап.

Куанып байгүс катын тосек салды,

Біреуден біреу естіп хабар алды.

Жүрт шулап, абыр-сабыр куанып жүр,

Тосекте ер Агыбай үйыктап калды.

Үйкы үйыктап түрды батыр кешке таман,

Куанган, корсе, халык жаксы-жаман.

Алла шүкірлік қып, куанып жүр,



Душпаннан кутылган сон есен-аман.

Бул елге ракым етті бір Кудайым,

Коп айтып куанышын не кылайын?

Ас ішіп, әнгімеге айналган сон,

Сурады енді Агыбай бала жайын.

Бала айтты: «Ей, батырым, кара маган,

Жаман коп еш нәрсеге жарамаган.

Жон айтпай, дәл он бес күн жолдас болдым,

Айтайын мен жонімді енді саган.

Тындасан, менін жайым бір үлкен кеп,

Кебiмдi мен отырмын қозғайын деп.

Бай екен менін әкем, ози жалғыз,

Дәулеті көп мейлінше, перзенті жоқ.

Әкемнің жалғыз болған газиз басы,

Ағады, бала десе, қозден жасы.

Озінде бала да жоқ, бауыр да жоқ,

Бар екен бір туысқан қарындасы.

Бұл адам дәулеті мол, болған мықты,

Кормеген туып корлык жаннан тіпті.

Жаралган жат журттыкка карындасын

Бір елге, жасы жетіп, взатытпы.

Өкеме жалгыздыктын сызы батты,

Кайгыртып бас кемдігі жабыркатты.

Өкемнін әлгі взаткан карындасы

Жүкті боп барган жерден, бір үл тапты.

Өкемнін дәулеті мол, конлі сынык,

Кайгырган бас кемдіктен болып мүнлык.

«Балада кыздан туган кийк жок» деп,

Жиенін алды асырап бала кылып.

Өкемнін жиен жүрді баласы боп,

Алып жүрек, арыстандай қуатты бек.

Жүкті боп оз шешем де, мені тапты,

Жиеннін жолы күтты, акжолтай боп.

Ешкімге тигізбейді жиен озін,

Малы көп жасыргандай жердін жүзін.

Көп малдан сыймай жатқан айдап беріп,

Жиенге әперіпті бір бай кызын.

Коп кылып енші берді және тагы,

Кондырып болек ауыл койган шагы.

Бар шыгар, ен кем болса, екі мындай –

Коп жылкы соныкі еді баганагы.

Бул жиен мыкты болды арыстан,

Жері жок кейін калган еш жарыстан.

Кызы сулу, орны онан да артык

Маган да кыз әперді бір алыстан.

Өкеміз сонан кейін дүние салды,

Кисапсыз мал, артында екі үл қалды.

Қанша мал садақа қып, ат шаптырып,

Қондырдық құтты орнына байғұс шалды.

Адамға не істетпейді дәулет молдық?

Ойым жоқ қорем деген жаннан зорлық.

Мен кенже, жиен үлкен ағам болып,

Сонымен біразырақ дәурен сүрдік.

Жиеннің діні қатты қара тастан,

Адамға қайыры жоқ бала жастан.

Бетіне ешбір адам қарамайтын,

Мейлінше батыр болды жаннан аскан.

Бұл жиен батыр болды қайраты артып,

Екпіні соккан желдей коктеі шарпып.

Канагат оз малына бір де қылмай,

Менін кеп бар малымды алды тартып.

Жиеннен мен осындай кордім корлық,

Қайратын жаратар ма Тәнірім мол гып!

Колымды оз малыма бір батырмай,

Есіктегі иттен жаман кордім корлық.

Осындай күйге түстім, сорым калын,

Болмады бір басымда ықтиярым.

Еш адам «Бұл теріс» деп сөз айтпайды.

Себебі жөніп алған жанның бәрін.

Қараныз сүм жиеннің ақылына,

Қайырымсыз қатал іске батылына.

Қоймайды, малды алғанмен, қара басқыр,

Қызықты менің тағы қатыныма.

Сөйтті де, қатыныма қолын салды,



Конбесе, аласұрып, ашуланды.

Койнымнан жатқан жерде сүйретіп ап,

Еріксіз үйіне апарып жатып алды.

Мен түстім осындайлық үлкен кепке,

Жазылмас душарластым қайғы-дертке.

«Байына қонлі аландай береді» деп,

Мені де ниет қыпты олтірмекке.

Катыным бұл ойынан хабар берген,

Пітіне, ит қайраты мол, жұртты жеңген.

Шыбын жан мал мен жардан тәтті болып,

Бір түнде ак сүр атпен каштым елден.

Бір түнде ак сүр атпен кеттім кашып,

«Колга түссем, олем» деп жаман сасып.

Жол жүріп бірнеше күн тыным алмай,

Жапанда жата кеттім үйкі басып.

Жапанга жата кеттім, кашып барып,

Алладан медет сұрап, жылап-налып.

Тыным алмай, аз үйықтап кеткен екем,

Түсімде жетіп келді әкем гәріп.

Түсімде жетіп келді әкем фақыр:

– Ей, балам, бұл жерде ұйықтап, болма қапыл.

Жанында жеті жігіт жолдасы бар

Ағыбай Төктүрмасқа келіп жатыр.

Жүр, балам, осы аранын жолыменен,

Олар да жүріп келді түніменен.

Ақжолтай жолы күтты батыр еді,

Жолдас бол, тез бар, балам, оныменен.

Ағыбай душарласса, болып несіп,

Екеуін жолдас болсан, желдей есіп,

Канжарын екі жүзді қару қылсан,

Аласын дұшпанынның басын кесіп.

Қуанып сол түсімнен түрегелдім,

«Шын қорсет пазылынды, Тәңірім», дедім.

Әкемнің түсімдегі сөзін сынап,

«Ертерек жетейін» деп атқа міндім.

Әкемнің түсімдегі сөзін сынап,

Ертерек жетейін деп атқа міндім.

Әкемнің түсімдегі сөзі шын боп,

Отырған бұлақтағы сізді қордім.

Қуанып: «Құдай тілек берер дедім,

Айтқаны әкем пақыр келер дедім.

Сырымды бұған айтып ұқтырмайын,

Артымнан, батыр болса, ерер» дедім.

Мен сізден қанжарды алдым, жаннан кешіп,

Барсам, жатыр ұйықтап, қонлі өсіп.

Қанжарды қас жүректен салдым дағы,

Сілтедім томен карай карнына есіп.

Карнын как болді де, канжар жарды,

Шошынып ұйқысынан сонда оянды.

Шошынып, қару іздеп, қарбан қағып,

Менін кеп білмегімнен ұстай алды.

Ұстап ап лактыруга ынғайланды,

Ұстадым керегеден қорғап жанды.

Қолымнан жұлқылай келіп тартқан шақта,

Тенселіп ақ орда ұй шыр айналды.

Орнынан тұрайын деп ұмтылғанда,

Ішек-қарны аяғына түсе қалды.

Үстаған білегімнен қолы босап,

Сық түсіп, олімші боп кете барды.

Ей, батырым, осындай менін жайым,

Құтқарды сұм залымнан бір Құдайым.

Алдыннан толысынша мал айдап кет,

Бұл малды сенен аяп не қылайын?!

Кәпірден жаман қорлық қорғенім бек,

Зарынан жұрт қорыққан уайым жеп.

Коп жылқы бағанағы сол иттікі,

Бір жақта менін жылкым онан да коп.

Ақжолтай Ағыбайым – сенін атын,

Жайылған жер жүзіне салтанатын.

Ақ ордадан шығып келіп зар еніреген,

Коргенін бағанағы біздің катын».

Сыр айтты бала бұған жайлап,

Ағыбай коп отырды артын ойлап.

Топтан тоғыз түлпарды тандап алды,



Жылкынын не кылмакшы бәрін айдап.

Біреуі сол тоғыздын – «Акауыз» ат,

Порымы жануардын жылкыдан жат.

«Сауга!» деп ер Наурызбай сұрап алды,

Жүрiсi сүйегі мен – бәрі де ұнап.

Сол кезде бұл тұлпардын торт-бес жасы,

Дәл бір кез қырым ет жок кесер басы.

Какпан бел, камыс күлак, белдемелі,

Агаштын болігіндей кабыргасы.

Торт елі кабыргасы, ені жалпак,

Шіреген шакпак етті, бұты талтак.

Үстіне кісі мінсе, коразданып,

Карайды жан-жагына жалтак-жалтак.

Шапканда, канды кобік алдын жауып,

Кояды басын тартсан, шайкап-шайкап.

Сартылдап, шын кызганда, күйысканы,

Локымас, жар, су келсе, онан тайкап.

Шапканда кыс секілді корінеді,

Алдынан онын карап тұрсан байкап.

Озге аттан жүріп кетсе, адымы алыс,

Канаты кабырғада кере қарыс.

Екпіні, пыскырганда, үй жыққандай,

Танауын десен болар бейне талыс.

Кез келген иесіне Ақауыз ат,

Арқада ер Наурызбай жүрді алшақтап.

Ежелгі ата-баба кегі үшін

Жортатын «Абылайлап» ұранын сап.

Жортқанда Ақауызды анқылдатып,

Колында ак семсерін жаркылдатып.

Зәресін алған талай сүм дүшпаннын,

Асықтай ошіккенді аспанға атып.

Ақауыз Наурызбайдын серігі еді,

Сауга кып ер Ағыбай беріп еді.

Астында Ақауыз жүрген шакта

Ер Науан жеңілмейтін берік еді.

Ақауыз жау оғынан мерт болыпты,

Жанына ер Науаннын шер толыпты.

Капыда жаман атпен колға түсіп,

Кыргыз устап, ер Науан сонда оліпті.

Бул созді оқып ем жазган хаттан,

Тексерттім озгерістеп табигаттан.

Отірік ертеқ созді олен кылып,

Акын коп бет алдына еткен мактан.

Әлеумет, бул соз анық, ертегі емес,

Таралган үлкендерден осы кенес.

Кездескен шежіреде ердін созін,

Күлагын, естігенде, карагады елес.

Тартқаттым Ағыбайдын мына тойын,

Шу қылған қызыкпенен Шудын бойын.

Аманат жан вьда тыныш тұрса,

Аудармак баспа созге ендігі ойым.

Ағыбай сен ажалдан кеткен аман,

Ат койган «Акжолтай» деп барлык галам.

Жамигат, айтушыны айып етпе,

Осымен соз аягы бітті тамам.